Өлкетануға мән берілмек

Жақында Май ауданында «Кітапханадағы өлкетану жұмысы: бастамалар, әдістемелер, жетістіктер» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті.

Оған аудан ғана емес, сонымен қатар, С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана мен өңірдегі орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкерлері қатысып, өлкетануға бағытталған мазмұнды іс-шаралар көптеп ұйымдастыру мәселесін талқылады. Сондай-ақ, шара барысында «Туған жерім - алтын бесігім», «Кітапхана және жастар», «Болашаққа - кітаппен!», «Май ауданы - туған өлкем», «Ауданның қазіргі кезеңдегі дамуы» деген тақырыптардағы жаңа жобалардың тұсауы кесілді. Бұдан былай өңір кітапханаларында аталмыш жобалар бойынша қызықты іс-шаралар өткізіледі деп жоспарлануда. Сонымен қатар, аудан кітапханалары өлкетану бағдарламаларымен жұмыс жасайтын болады. Сол арқылы жастарды туған жердің тарихын, этнографиясын, мәдени мұрасын танып-білуге баулу көзделуде, дейді ұйымдастырушылар.

Шара соңы аудандық кітапхана өкілдерінің ұйытқы болуымен өткен «Май елінің тарихы - қазақ тарихының өшпес беттері» атты арнайы экскурсияға ұласты.

Өз тілшіміз.